



Приняты в студенческую семью

18 октября в Ледовом дворце первокурсники ЗКГУ были приняты в ряды студенчества - состоялся студенческий праздник - традиционное Посвящение в студенты ЗКГУ. Первое «боевое студенческое» крещение прошли около двух тысяч ребят старейшего вуза Казахстана.

Сегодня самое волнительное событие - получение заветного Студенческого билета. А Посвящение в студенты – поможет новоиспеченным студентам гармонично влиться в большую дружную семью студентов Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова.

С началом нового этапа поздравил студентов-первокурсников ректор Нурлан Сергалиев.

«Студенчество - самая счастливая пора. Я уверяю вас, когда закончите университет, станете взрослыми, вы поймете, что эти 4 года были самым счастливым временем вашей жизни. Я хочу вам посоветовать, чтобы вы не теряли зря времени. Будьте креативными, упорными в достижении своих целей! Мы, университет, вам всегда в этом поможем! Все, что знаем, все, что сможем, постараемся передать вам!», – подчеркнул Нурлан Хабибуллович. С теплыми пожеланиями к «именинникам»

обратился первый заместитель председателя филиала партии «Нур Отан» Мурат Мукаев.

В мероприятии были разыграны футболки с логотипом вуза, airpods и другие ценные подарки.

Неожиданным подарком для молодых людей в этот знаменательный день стало выступление молодых певцов Darrem и Abdr.

А прозвучавшие композиции в исполнении студентов ЗКГУ с музыкальными и танцевальными номерами, конечно же, никого не оставили равнодушным. Напомним, что нынешний традиционный студенческий праздник был посвящен Году молодежи Казахстана.

Искренне поздравляем первокурсников с посвящением в студенты ЗКГУ! Добро пожаловать - теперь уже в нашу общую Alma mater!

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА



Состоялась встреча с ученым советом вуза, на котором были затронуты различные аспекты изменений,

Вице-министр МОН РК посетила ЗКГУ

Вице-министр образования и науки РК Карина Шолпан Танатовна посетила ЗКГУ имени М.Утемисова. Она ознакомилась с выставкой университета «Наука и искусство», где были представлены работы молодых ученых.

происходящих в системе образования. Вице-министр кратко рассказала о законе академической свободы, благодаря которому вузы получают академическую свободу в плане разработки и внедрения своих образовательных программ, а также - законопроекте о статусе педагога. Руководство вуза выступило с предложением поддерживать молодых, в том числе молодых учёных, а также внести изменения в программу по физической подготовке обучающихся. Вице-министр отметила значимость для молодежи Года Волонтера.

«Мне понравилась аура, когда я оказалась среди студентов. У студентов горят глаза. Студенческое самоуправление - это то, что сейчас особенно актуально», - отметила Шолпан Танатовна. Она пожелала коллективу ЗКГУ успехов, профессионального совершенствования, высоких достижений во всех областях педагогической, образовательной, научной и инновационной деятельности.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

Кітапхана – мемлекеттің мәртебесі

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 10-11 қазан күндері жоғары оқу орындары кітапханалары басшылары мен мамандарының «Жоғары оқу орындары кітапханаларының серіктестігі: ынтымақтастықтың жаңа түрлері» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.



Ұйымдастырушылар - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Конференцияның жұмысына Қазақстан және Ресей жоғары оқу орындары кітапханаларының басшылары, облыстық, қалалық кітапханалардың қызметкерлері, колледж кітапханашылары, Мәдениет және өнер факультетінің «Кітапхана ісі» мамандығының студенттері мен оқытушылары қатысты. Қатысушылардың баяндамаларында жоғары оқу орындары кітапханалары – бұл кітапхана қоғамдастығының аса белсенді бөлігі екені, мұның жоғары оқу орындары рейтингін арттыруға, қызмет көрсетуді жаңартуға, жаңа жобаларды іске асыруға жаңа мүмкіндіктер іздеу қажеттігімен туындап отырғаны атап көрсетілді. Сонымен қатар, жоғары оқу орындары оқу-тәрбие процесін және ғылыми-зерттеу қызметін аса толық және сапалы қамтамасыз етуге, кітапхананың рейтингін және білім беру сапасын арттыруға септігін тигізетін кітапханалардың бөлім ішіндегі, бөлімдер мен өңірлер және мемлекеттер арасында өзара әрекеттестігін одан әрі қарай кеңейту және дамыту қажеттігі атап көрсетілді.

Конференция жұмысының қорытындылары бойынша қатысушылар практикалық ұсынымдар қабылдады. Оларды іске асыру жоғары оқу орындары заманауи цифрлық кітапханасының сапалық жаңа инновациялық үлгісін құруға жәрдемдеседі, жоғары оқу орындары оқу-тәрбие және ғылыми-зерттеу процестерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін болады.

Конференция аяқталғаннан кейін ұйымдастырушылар Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық - техникалық университеті ақпараттық - білім беру орталығының директоры Есенманова Айгүл Базарқызы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» тәсбелгісімен, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ғылыми кітапханасының бөлім меңгерушісі Габдуалиева Акайна Укасовна мен Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті кітапханасының директоры Айтманова Сәлима Ақымбайқызы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасымен, сондай-ақ, бірқатар кітапхана қызметкерлері республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың алғыс хаттарымен марапатталды.



ЗКГУ: Вокал на научной основе

Искусство всегда современно
(Федор Достоевский)

24 октября в ЗКГУ им. М.Утемисова состоялось открытие международной научно-практической конференции «Педагогический опыт и инновации в сфере культуры, искусства и образования», посвященной 65-летию заслуженной артистки РК, доцента Жумаганым Рахимовой. Пленарное заседание состоялось в областной филармонии, 5 секционных занятий были продолжены в университете.

Конференция проходила в рамках программы «Рухани жаңғыру». С приветственным словом к участникам обратился проректор по научной работе и международным связям Ахмеденов К.М. Почетные гости конференции - заслуженная артистка Российской Федерации Ильвес Надежда Эдуардовна, доцент Казахского национального университета искусств Тленчиева Роза Рустембековна и многие другие поздравили Жумаганым Абельхаликовну с замечательными событиями.

На тематических секциях рассматривались такие актуальные проблемы, как «Традиционное искусство - форма духовного наследия», «Творчество, исполнительство и педагогика: опыт и инновации», «Региональные традиции культуры, искусства и образования Казахстана и ближнего зарубежья», «Современное вокальное искусство как средство формирования и воспитания личности», «Студенческая секция: творческие исследования студентов и магистрантов вузов искусства». Все исследования и выступления опубликованы в научном сборнике международной конференции, всего - около 100 авторов.

В рамках научно-практической конференции состоялся также международный конкурс вокалистов, в котором приняли участие свыше 20 вокалистов из городов Казахстана и России.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА



АҚПАРАТТАР

АҒЫНЫ

■ 3 қазан күні М.Өтемісов БҚМУ-да «Алтын күз» атты көпшілік сауықтыру жүгірісі өтті. Марафонға дене шынықтыру кафедрасының мұғалімдері, университет студенттері қатысты. Хан Тоғайында өткен сауықтыру жүгірісінің аумағы 3 км қашықтықты қамтыды.

■ Қазан айының 4-жұлдызында ұлағатты ұстаздардың мерекесіне орай Махамбет Өтемісов атындағы БҚМУ-дың жаратылыстану-география факультетінде «Ұлт мейірбаны - ұстаз» атты кеш өтті. Алдымен факультет деканының м.у.а. Зарипа Хайруллаевнаға сөз беріліп, ол профессор-оқытушылар құрамын төл мерекесімен құттықтап, алғысын білдірді. Кеш одан әрі мерекелік концерттік бағдарламамен жалғасын тапты.

■ 4 қазанда М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың педагогика факультетінде ұстаздар күніне орай белсенді студенттердің ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама өткізілді. Студенттер ұстаздарға керемет көңіл-күй сыйлап, зор қошеметке бөленді.

■ 4-6 қазан күндері спорттық бағдарлаудан XI «Батыс-Азимут 2019» және ересектер арасындағы БҚО кубогының ашық жарысы өткізілді. Бұл жарысқа Махамбет Өтемісов атындағы БҚМУ дене шынықтыру және спорт мамандығының 2-курс студенттері Бекзат Бауыржанов, Надежда Серикова, Мустафа Махамбетұлы, Дарын Иманғали қатысып, жүлделі орындардан көрінді.

■ Қазан айының 10-ы күні «Жастар жылына» орай М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың педагогика факультетінің 1-курс студенттері арасында «IQ PEFPAK» интеллектуалды сайысы өткізілген болатын. Сайысқа екі команда қатысты. «Білгір» тобы бас жүлдені иемденіп, «IQ МАХАМБЕТ» интеллектуалды сайысына жолдама алса, «Болашақ» тобы арнайы Алғыс хатпен марапатталды.

■ 12 қазан күні Махамбет Өтемісов атындағы БҚМУ-дың спорт сарайында география, биология-экология, химия кафедраларының қатысуымен факультетішілік «Сенім. Еңбек. Жеңіс» атты спартакиада өтті. Спартакиада барысында қатысушылар волейбол, баскетбол, шағын футбол мен үстел теннисінен бақ сынады. Ойын қорытындысы бойынша, география кафедрасының студенттері өздерінің шапшаңдығы мен белсенділігінің арқасында I орынды иеленсе, биология-экология кафедрасы II орын, химия кафедрасы III орынды қанжығаларына байлады. Әр кафедра қатысушылары жақсы ойын өрнегін көрсетіп, ойын соңында дипломдармен марапатталды. Спартакиада өте қызықты жоғары деңгейде өтті.

■ Педагогика факультетінің студенті, Тұңғыш Президент атындағы атаулы шәкіртақы иегері Бондур Натальяның ұйымдастыруымен студенттік өзін-өзі басқару ұйымы студенттеріне «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында тренинг өтті. Тренинг басында студенттер өздерінің мамандықтарының артықшылықтары мен ерекшеліктері туралы ой ербітті.

■ Бүгінгі күні Қазақстанда және әлемнің барлық жетекші мемлекеттерінде дау-жанжалдарды шешудің аса маңызды және перспективалы рәсімдерінің бірі-дауды сотқа дейін шешу. Осы орайда БҚО мамандандырылған ауданаралық сот судьясы Сейдахметова Нейля Касқырбаевна құқықтану мамандығының студенттерімен кездесіп, дауды сотқа дейінгі реттеу және соттағы татуласу рәсімдері тақырыбында кездесу өткізіп, дәріс оқыды. Кездесу барысында студенттерді қызықтырған сұрақтарға жауап алынып, студенттеріміз болашақта сот процестеріне қатысып, сотта медиация жүргізу тәртібімен танысу мүмкіндігіне ие болды.

■ Жастар жылына орай М.Өтемісов атындағы БҚМУ «Салаутты өмір үшін» атты көпшілік сауықтыру шарасын ұйымдастырды. Аталмыш спорттық шараға университетіміздің студент жастары және «Nur Otan» партиясы БҚО филиалы, «Jas Otan» қызметкерлері де қатысты.

■ Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы жүзеге асқан болатын. Осыған орай 25 қазан күні Тарих, экономика және менеджмент кафедрасының ұйымдастыруымен танымдық кеш ұйымдастырылды. Шарада студенттерге жоба аясында аударылған алғашқы оқулықтың бірі Клаус Швабтың «Төртінші индустриалды революция» оқулығы жан-жақты түсіндірілді. Студенттер кешке белсенді атсалысып, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, толыққанды жауап алды.

ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА – В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ СТУДЕНТОВ

8 октября на факультете истории, экономики и права Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова прошло мероприятие, посвященное Посланию Президента государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог - основа стабильности и процветания Казахстана».



Организатор - кафедра всемирной истории и социально-политических дисциплин – преподаватели: Журасова А.Ш., Есеева Г.Н., Гайсина М.Б., Мырзабаева Б.М. Мероприятие открыла заведующая кафедрой Журасова Алтынай Шугаевна. Она отметила основные инициативы и направления, озвученные в нынешнем Послании. Особый акцент сделан на реформе образования, активно реализуемой сегодня Министерством образования и науки Республики Казахстан на вопросах повышения качества образования в высших учебных заведениях Казахстана.

Выступили также студенты факультета: Кадыржанова К., Махамбетова М., Каиршин И. Студенты имели возможность задать интересующие их вопросы

спикерам, а также принять участие в дискуссии.

Следующим этапом мероприятия стала интеллектуальная игра, посвященная основным разделам Послания.

Сформировались три студенческие команды – «Smart», «Modern», «Космос». Игра состояла из 3-х туров. На первом этапе интеллектуальной игры - «Блиц-опросе» - участникам предстояло проверить свои знания в области истории РК и политологии. А во втором туре - «Скрытая ячейка» - вопросы были составлены таким образом, что охватывали все темы по Посланию Президента К.К. Токаева.

На третьем, завершающем этапе, команды должны были составить своеобразную матрицу – таблицы - Какие возможности и перспективы для развития страны сложатся по результатам внедрения тех или иных направлений Послания, и какие возможные трудности необходимо будет преодолеть для их реализации.

Безусловно, каждая команда стремилась к победе. Однако по результатам игры первое место заняла команда «Smart», второе место присудили команде «Космос», третьего места удостоилась команда «Modern». Команды были награждены дипломами.

Следует отметить, умственная борьба принесла им массу эмоций, все участники хотели высказаться и показать высокий уровень знаний. Поэтому на протяжении мероприятия студенты проявляли живой интерес и дух соперничества.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

ЕРІКТІ БОЛУ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Елбасымыз Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа өз жолдауын жолдады. Ұшақ билеттерінің қымбаттылығы, қоғамда орын алып жатқан ауыр қылмыстардың жазасын күшейту, мұғалімдердің жалақысын өсіру сынды өзекті мәселелерді шешу жолға қойылды. Өзіме ұнағаны - волонтерлік жұмысты қолдап, оны ары қарай күшейту. Жалпы, еріктілер тобының міндеті - жеке немесе топ болып, қоғамдық шараларға белсене араласу және көмек қолын созу. Бұл дегеніміз қайырымдылық жасаумен тең. Сол себепті, осы еріктілер тобын қолдап, көтеруді, біз де қолға алғанымыз дұрыс. Жастар болып, жұмыла көтеріп, барлық мәселенің тиімді жолын қарастыру керекпіз. Жастар жылы болғандықтан өз қатарластарымызды және жастарды биікке көтеру үлкен мақсат және мәртебе. Осы басталып жатқан іс, жастарға, қоғамға үлкен септігін тигізе алады. Мысалы, қазіргі таңда аз қамтылған отбасылар немесе жалғыз басты аналар, әкелер өте көп. Сондай жандарға еріктілер тобы қол ұшын созып, бірігіп жұмыс атқарса нұр үстіне нұр болады. Бұл - болашақ ұрпаққа өнеге. Осындай жұмыстарды, игі істерді көріп өскен ұрпақ, болашақта елді көркейтетініне кәміл сенім мол. Ұлттың болашағы - біздің қолымызда. Тіпті бұл туралы Мағжан Жұмабаев атамыз:

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты.

Мен жастарға сенемін!» - деп жырлаған болатын. Біз сенімді ақтауымыз керек. Ол үшін ең бастысы – қолдау мен бірлік!

Нұрайлым ҚҰБАЕВА,
Филология факультетінің студенті

Президент Жолдауы талқыланды

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауына арналған көптеген шаралар өтуде. Соның бірі – физика-математика факультетінде өткен жиын. Аталмыш шараны дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының оқытушысы Науанова Курманай Мадиевна ашып, жаңа экономикалық саяси құжаттың басым бағыттарын атап өтті.

Одан әрі «Аймақтану» мамандығының 2-курс студенттері Мадина Утегенова «Қазіргі тиімді мемлекетті қалыптастыру жолдары», Назерке Ерланова «Әлеуметтік жаңғыру – тұрақты даму кепілі», Аделя Киреева «Қазақстан экономикасының дамуы – жаңа мақсаттарға жету жолы ретінде» тақырыптарында баяндамаларын оқып, Жолдаудың «Жаңа заман талабына сай мемлекет», «Азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету», «Қарқынды дамыған және инклюзивті экономика», «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі», «Қуатты өңірлер – қуатты ел» атты 5 бөлімін түсіндірді. Жиынның екінші бөлімі интеллектуалдық ойынға ұласты. Онда студенттер «Тұлпар», «Қыран», «Миф» сынды 3 топқа бөлініп, өзара сайысқа түсті. Ойынның алғашқы кезеңі блиц-сұрақтарға арналып, ел тәуелсіздігі, ҚР аумағы, мемлекеттік нышандар жайлы көптеген сұрақтар қойылды. Ал екінші «Ақылды ұяшықтар» кезеңінде студенттер ұяшықтарға жасырылған сұрақтарға жауап беріп, сәйкесінше ұпайларын алды. Шараға қазылық еткен әділқазылардың шешімі бойынша «Қыран» тобы III орынды иемденсе, «Тұлпар» тобы II орынға тұрақтады. Ал «Миф» тобы сайыстың I орынын иемденіп, жеңіске жетті. Ойын барысында белсенділік танытып, сұрақтарға жылдамдықпен жауап берген Назерке Тоқбаева Алғыс хатпен марапатталды. Кеш естелік суретке түсумен өз мәресіне жетті.

Студенттерді Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауының мазмұнымен таныстыру, талдау жасау; Жастардың бойына отаншылдық, ұлтжандылық қасиеттерін қалыптастырып, жас ұрпақты Қазақстан мемлекетін өркендету жолындағы жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Педагогика факультетінің ұйымдастыруымен дөңгелек үстел оздырылды.

Оқу орнының профессор-оқытушылары мен студенттері қатысқан жиынды Дүниежүзілік тарих және ӘСП кафедрасының доценті Б.Боранбаева ашып, жүргізіп отырды. Жиында алғашқы сөз кезегін алған факультет

деканы Ақмарал Сағынтайқызы мемлекет басшысының жолдауының негізгі мақсаттары мен міндеттеріне тоқталып, көпшілікті ел дамуындағы осы маңызды бастамаларды жолдауға шақырды. Дүниежүзілік тарих және ӘСП кафедрасының доценті Б.Боранбаева қатысушыларды жолдаудың мазмұнымен таныстырып, оның бес тарауында қамтылған еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани және саяси дамуының барлық тармақтары жөнінде кеңінен әңгімелеп берді. Өз кезегінде студенттер қауымы ел Президенті тоқталған еліміздегі жастар саясаты, сапалы білім беру, «Еріктілер жылы», «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы, мұғалімдердің еңбекақысының екі есеге артатындығы төңірегінде өз ойларымен бөлісіп, пайымды пікірлерін білдірді. Шара соңында студенттерге ой-талқы сұрақтар қойылып, жауаптары тыңдалды. Жиын естелік суретке түсумен қорытындыланды.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауы қызу талқылануда. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұстаздары да студенттерге жолдауды түсіндіруде бірқатар жұмыстар атқаруда. Осы орайда 9 қазан күні жаратылыстану-география факультетінде жолдауды талқылауға арналған шара өтті.



Оған факультет ұстаздары мен студенттер қауымы қатысты. Отырысты философия ғылымдарының кандидаты, доцент Гульнара Мулдашева кіріспе сөзімен бастап, «Единство нации – в ее многообразии» тақырыбында баяндама оқыды. Ол өз баяндамасында жолдауда айтылған негізгі мәселелерге тоқталып, ел Президентінің үкіметке қойып отырған талаптарын, Қазақстан халқына жүктелген тапсырмаларын түсінікті етіп жеткізді. Сондай-ақ, кездесу барысында ұстаздар мен студенттер жолдаудағы негізгі міндеттерге қатысты

ЖОЛДАУ ЖОЛДАРЫ КЕҢІНЕН ТҮСІНДІРІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2-қыркүйек күні «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына алғашқы Жолдауын жолдаған болатын. Аталмыш Жолдау М.Өтемісов атындағы БҚМУ оқытушылары мен студенттері арасында кеңінен талқыға түсті. Осы орайда 10 қазан күні филология факультетінің студенттері арасында шағын дәріс тыңдалып, Жолдаудың маңыздылығы мен міндеттері, мүмкіндіктері мен мақсаттары, айқын бағыттарын түсіндіруге арналған шара өтті.

Шара барысында Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік пәндер кафедрасының аға оқытушысы А.К.Нурманова өзінің «Ел дамуының негізгі бағыттарын айқындайтын бағдарлы Жолдау» атты баяндамасын оқып, доцент С.М.Гиззатов Жолдаудың тиімділігін, бүгінгі күннің нақты, көптің көкейінде жүрген мәселелерін қозғағандығын айтып өтті. Сонымен қоса, Жолдау тақырыбының өзектілігін ашу мақсатында интеллектуалды сайыс өткізілді. Оған филология факультетінің студенттерінен құралған «Прагматиктер», «Фаворит», «Эйнштейн» топтары қатысып, бақ сынады. Сайыс барысында студенттерге сұрақтар қойылып, пікір алмасты. Жолдау тақырыбының мемлекет үшін маңызы зор екендігі туралы өз ойларын айтып, постерге қорғады. Нәтижесінде оқ бойы озық шыққан «Фаворит» тобы жеңімпаз атанып, барлық қатысушы топтар арнайы дипломдармен марапатталды.

Шұғыла ЕҢСЕП,
Филология факультетінің I-курс студенті

баяндамалар оқып, өз ойларын ортаға салды. Атап айтар болсақ, тарих магистрі, дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының оқытушысы Жадыра Калиева «Жолдау – 2019: әлеуметтік дамудағы жаңа мүмкіндіктер», «Әлеуметтану» мамандығының 4-курс студенттері Айкөркем Батырханқызы «Жолдау бойынша мемлекетіміздегі әлеуметтік мәселелердің шешілу жолдары», Ажар Кенжетайқызы «Әлеуметтік саясатты жүргізудегі басымдықтар», «Биология» мамандығының 3-курс студенті Жұлдыз Өтелгенова «Әлеуметтік жаңғырудағы жаңа Қазақстан», «Экология» мамандығының 1-курс студенті Ақкүміс Жасанова «Қарқынды дамыған және инклюзивті экономика» тақырыптарында баяндамаларын баяндады. Шара соңында студенттер Мемлекет басшысының тың бастамалар көтеріп, барша қазақстандықтар алдына үлкен міндеттер қойып отырған бұл жолдауын бірауыздан қолдайтындарын білдірді.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

Заместитель председателя Ассамблеи народа Казахстана, заведующий Секретариатом Ассамблеи народа Казахстана Администрации Президента РК Туймебаев Жансеит Кансеитович посетил ЗКГУ им. М.Утемисова и принял участие в расширенном заседании Научно-экспертного совета. В работе НЭС участвовали члены научно-экспертных групп, кафедр Ассамблеи ЗКО, ректорат и студенты ЗКГУ.

«Важные направления научно-экспертной деятельности АНК - укрепление единства народов РК, повышение статуса государственного языка, а также поддержка молодежи», - отметил Жансеит Туймебаев.

По приоритетным вопросам повестки дня выступил заведующий кафедрой АНК ЗКГУ Шайхив Турар Тулегенович, который остановился на основных направлениях деятельности кафедры АНК ЗКО и научно-экспертной группы в рамках реализации задач, вытекающих из



Расширенное заседание Научно-экспертного совета АНК

Послания Президента РК народу Казахстана. А также участники совета прослушали доклад кандидата философских наук, руководителя отдела мониторинга и социологических исследований Добряева Павла Анатольевича на тему «Результаты мониторинга межэтнической ситуации в ЗКО за III четверть 2019 года».

В ходе заседания были обсуждены вопросы реализации поручений Президента Казахстана по

научно-экспертному сопровождению деятельности АНК, проведению научных исследований в сфере национального единства и общественного согласия, современного состояния межэтнической ситуации в Казахстане, а также сотрудничеству между университетами для разработки научной политики в области межэтнических отношений.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

15 қазанда М.Өтемисов атындағы БҚМУ-да «Рухани жаңғыру» институты және «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасы Президенті Жолдауындағы жаңа талаптарға сәйкес «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы мен студент-еріктілер қозғалысының алдында тұрған міндеттер» атты БҚО ҚХА жастар қанаты мен университет студенттерінің кездесуі өтті.

Жолдау - жаңғыру жолы

Кеш модераторы - «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының меңгерушісі Шайхив Турар Төлегенұлы. Шарада БҚО ҚХА «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы төрағасының орынбасары Байғұдеев Асхат Айбулатович «Послание Президента – новый этап демократического развития Казахстана», «Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері Танзенов Данял Жұпмағанбетұлы «Президент Жолдауы – ел өркендеуінің кепілі», БҚО ҚХА этномәдени бірлестіктермен жұмыс бойынша әдіскер Зарипова Венера Ануаровна «Деятельность АНК ЗКО в контексте Послания Президента К. Токаева», БҚО ҚХА «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы төрағасы Шек Владимир Юрьевич «Волонтерские и молодежные движения ЗКО», БҚО ҚХА «Жаңғыру жолы» жастар

қозғалысы төрағасының орынбасары Колоницкий Дмитрий Вячеславович «Молодежь ЗКО за реализацию Послания Президента», БҚО ҚХА «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының белсендісі Наубетов Дінмухаммед Абайұлы «Жас еріктілер қозғалысы және Президент Жолдауынан туындайтын міндеттер» тақырыбында баяндамаларын оқыды. Баяндамашылар өз баяндамаларында жастардың өзекті мәселелеріне тоқталып өтіп, оның ішінде жастарға үнемі өздерінің қабілеттерін дамытып, жаңа білім көздерін меңгеруге, сондай-ақ өзін-өзі жетілдіруге кеңес берді.

Шара соңында қатысушылар баяндамаларды талқылап, сұрақтарын қойып, өзара пікір алмасты.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА



Поэтесса отметила, что сегодня необходимо больше внимания уделять воспитанию у молодого поколения бережного отношения к национальным ценностям. «Уважайте и любите матерей, часто звоните им, потому что мать - единственный человек, который любит вас такими, какие вы есть. Будьте умными, честными, нежными. Учитесь, развивайтесь, читайте книги, изучайте языки».

Поэтесса поведала истории из своей жизни, прочитала много своих стихов. Встреча была очень полезна и оставила приятные впечатления у студентов, которые, безусловно, являются поклонниками творчества и таланта известного акына.

А.ОНГАЛИЕВНА

МОНОГРАФИЯЛЫҚ ЕҢБЕК таныстырылды

27 қыркүйек күні М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Саялбек Махамбетұлы Ғиззатовтың «Ақжайық өлкесі: Жаңабұлақ тарихы, ізденістер мен зерттеулер» атты монографиясының таныстырылымы өтті. Оған монография авторының ұстаздары мен профессор-оқытушылар қатысты. Кеш аталмыш еңбектің авторы С.Ғиззатовқа арналған «Өлке тарихы және ғалым келбеті» атты бейнефильммен бастау алды.



Модератор, «Рухани жаңғыру» институтының



директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы бейнефильмнен соң сөз кезегін монография авторы С.Махамбетұлына берді. «Ақжайық өлкесі: Жаңабұлақ тарихы, құжаттар мен деректер сарабы» тақырыбында сөз қозғаған автор, М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Саялбек Ғиззатов кітаптың жазылу

тарихы мен монографиялық еңбекті жазу барысында

қандай мұрағат құжаттары пайдаланылғандығы жөнінде айтып өтті. Одан әрі М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің құрметті ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы «Өлке тарихын зерттеудің өзекті мәселелері», Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Мәңгілік Ел» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ахмет Аққали Қабижанұлы «Өлке тарихы: құнды деректер сараптамасы», Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан тарихшылары Ұлттық конгресінің ғалым-хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Сайлаубай Ерлан Ернарұлы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы ауыл тарихы», Батыс Қазақстан облыстық Тарих және археология орталығының директоры Сафуллин Жантас Набиоллаұлы «Ел тарихы: салмақты ізденістер, заманауи технологиялар», БҚО корей халқы этномәдени бірлестігінің төрағасы Ан Виталий Константинович «Қазақ жеріне Қиыр Шығыстан көшірілген корей халқының тағдыр-талқысы», тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ғиззатов Саялбек Махамбетұлы «Жаңабұлақ ауылдық округі» тарихи-танымдық сайты – өлкетану өрісі», БҚО, Ақжайық ауданы Жаңабұлақ ауылдық округінің әкімі Құсайынов Ермек Жахимұлы «Ел тарихындағы іргелі жаңалық», Жаңабұлақ ауылдық округі әкімдігі жанындағы ақсақалдар кеңесінің төрағасы, ардагер ұстаз Балхашев Бауыржан Тасжанұлы «Ел келешегі: жаңаша бастамалар, өлкетану ісі», еңбек ардагері Дабысов Өтеғали Дабысқалиұлы «Туған өлке – тұнған тарих» тақырыптарында сөз қозғады. Шара соңында қатысушылар бір-бірімен пікір алмасып, ойларын ортаға салды. Кеш естелік суретке түсумен өз мәресіне жетті.

Азиза САТҚАЛИ

Низкий поклон...

24 октября 2019 года Западно-Казахстанский государственный университет им.М.Утемисова попрощался со своим старейшим ветераном - 22 октября на 97-м году жизни перестало биться сердце уважаемого ветерана Великой Отечественной войны, ученого-краеведа, кандидата исторических наук, профессора ЗКГУ им. М.Утемисова, Почетного гражданина г.Уральска, патриота своей страны - Букаткина Павла Романовича.

Букаткин Павел Романович был участником сражений Великой Отечественной войны, битв на Курской дуге Центрального фронта, Белорусского, I и IV Украинских фронтов. Он прошел войну до победного конца, окончив войну под Прагой 11 мая 1945 года. За героизм, проявленный в боях Великой Отечественной войны, награжден орденом Красной Звезды, двумя медалями «За отвагу», «За Победу над Германией», «За освобождение Праги», чехословацкими медалями «За храбрость», «За взятие Дукли» и 18-ю юбилейными медалями.

Букаткин Павел Романович родился 3 апреля 1923 года в г.Уральске.

В 1941 году окончил среднюю школу №5 г.Уральска и сразу был призван в ряды Советской Армии.

После авиационно-пилотного училища, где он учился, и Воронежского училища связи его отправляют на фронт. С мая 1943 года по июнь 1945 года участвует в боях с немецко-фашистскими захватчиками в составе 96-го Читинского стрелкового полка 140-ой Сибирской стрелковой дивизии в начале командиром радиовзвода, а затем командиром роты.....

Сразу после окончания войны, в 1946 году, поступил в Уральский педагогический институт и с тех пор – больше 70 лет - проработал в родном вузе.

Павел Романович внес большой вклад в развитие системы образования Приуралья. Во всех уголках Казахстана и стран СНГ работают ученики Павла Романовича. Он известен широкой общественности не



только преподавательской и научной деятельностью (им написано около 100 учебно-методических, научных публикаций), но и как активный организатор и участник многогранной жизни родного города и университета.

Павел Романович долгое время заведовал военно-историческим музеем вуза, который являлся его детищем и был создан по его инициативе. Более трех десятилетий ветеран бережно пополнял музей новыми экспонатами, учил молодое поколение настоящему патриотизму, давая возможность им прикоснуться памятью к общенародному подвигу, поклониться тем, кто отстоял мир.

За огромный вклад в систему образования и



воспитания Букаткин Павел Романович награжден орденом «Құрмет», Почетными Грамотами Верховного Совета КССР, Министерства образования и науки РК, знаками «Отличник просвещения КССР», «Высшей школы СССР» и «За заслуги в развитии науки РК», «За достигнутые успехи в научно-педагогической деятельности» – (ЗКГУ - 75 л.).

Павел Романович Букаткин был Человеком-легендой старейшего вуза Казахстана. Имя уважаемого коллеги, учителя, наставника мы навсегда сохраним в нашей памяти.

Ректорат ЗКГУ им. М.Утемисова,
выпускники, коллеги, студенты

Биыл 2019 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ әдебиетінің дамуы мен қалыптасуына зор үлес қосып, қазақ әдебиетін биікке көтерген Әбділда Тәжібаевтың шығармалары жалпыхалықтық оқуға ұсынылды. Осыған орай М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Ғылыми кітапхана мен Қазақ филологиясы кафедрасы бірлесе отырып ұйымдастырумен «Бір ел – бір кітап» жалпыұлттық оқу акциясы аясында қазақтың көрнекті ақыны, драматург, әдебиеттанушы Әбділда Тәжібаевтың 110 жылдығына орай көркем сөз шеберлерінің арасында университетішілік «Сырда туған сырбаз ақын» атты мәнерлеп оқудан сайыс өткізілді.

АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫ НАСИХАТТАЛДЫ

Шараның ашылуында филология ғылымдарының докторы (PhD), аға оқытушы Айдарбек Ахметұлы студенттерге ақынның шығармашылығын насихаттай отырып, келешек ұрпаққа берер мол мұрасын атап өтті. Аталмыш шараның басты мақсаты - келер ұрпаққа толағай ақын, толатамас жыр иесі Ә.Тәжібаевтың шығармашылығын насихаттау арқылы патриоттық тәрбие қалыптастыру. Жарысқа қатысушылар ақынның өлеңдерін жатқа оқып, өз шеберліктерін ортаға салды. Бірінен-бірі оза шапқан таланттардың өнерін

әділ-қазылар құрамы сарапқа салды.

Байқау қорытындысына сәйкес бас жүлдеге филология факультетінің III курс студенті Ернұр Кінәме, 2-орынға құқықтану факультетінің I курс студенті Ақтілек Қайырболат, 3-орынға I курс студенті Заманбек Максимов пен II курс студенті Аманжол Сламғали лайық деп танылды. Жеңімпаздарға Алғыс хаттар мен дипломдар табысталды.

Ғылыми кітапхана

17 қазан күні Ақжайықтың ақиқат ақыны Ж.Молдағалиевтің туғанына 99 жыл толуына орай Ж.Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасыда М.Өтемисов атындағы БҚМУ Тарих, экономика және құқық факультетінің менеджмент және экономика кафедрасының ұйымдастыруымен ақын шығармашылығын дәріптеу мақсатында «Өмірде де, өлеңде де Жұбан – ақын» атты дөңгелек үстел өтті.

Қазақтың қайсар Жұбаны



Шара кітапханашылардың Жұбан залын аралатып, таныстыруымен басталды. Одан әрі ақынның өмір жолы мен шығармашылығы туралы баяндама оқылып, мәліметтер берілді. Сондай-ақ, студенттер ақын шығармашылығын талқылап, Менеджмент-21 тобының

менеджмент және экономика мамандығының кураторы Арайлым Акмалиева сөз алып, шараны қорытындылады.

Гүлдана ҒАЗИЗОВА,
Менеджмент 21 тобының студенті

Выпускники исторического факультета 1979 года выражают глубокие и искренние соболезнования всем родным и близким, ректорату Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова и всем коллегам в связи с невозможной утратой – кончиной

Павла Романовича Букаткина,

который в памяти каждого из нас останется Учителем с большой буквы.

Еске алу

Ұстазға сағыныш



Толғауымды қосамын мұң зарыма,
Сенбеймін ұстазымның жоқтығына
Сағынышым арналған шын ұстазым
Мейрам Исатайұлы жырларымда.

Жарқын жүзді, көңілі шат жайдарлы,
Күн сәулелі нұры оның баққа айналды.
Шәкірттерге күлімдеген шырайы,
Естен кетпес бейнесі ақ маңдайлы.

Сағындым, сағындым ыстық жылуынды,
Барша студентке аямадың білімінді.
Жанарлары жасқа толы шәкірттеріңе,
Мәңгілік ұстаз деген ұғым үлгі.

Нұрғұл ҚАЛАБАЕВА,
Дизайн мамандығының
5-курс студенті

Ветераны ВКГУ - в строю!

В спорткомплексе ЗКГУ им. М. Утемисова прошла первая городская спартакиада среди ветеранов университета.

Данный спортивный праздник организован в рамках Дня милосердия, и в нем приняли участие более 100 представителей старшего поколения вуза.

Цель и задачи Спартакиады:

- пропаганда здорового образа жизни;
- повышение спортивного мастерства занимающихся спортом;
- воспитание чувства патриотизма, любви к Родине.

Участниками спартакиады были ветераны разных возрастных категорий.

Организацию и подготовку команд ветеранов университета обеспечил старший преподаватель



кафедры физического воспитания, мастер спорта СССР по Самбо Бекбаев С.Ш.

Соревнования проходили по таким видам спорта, как асык ату, тогызкумалак, домино, шахматы, шашки и др.

По итогам спартакиады 1 место по шахматам занял **Сертеков С.** Обладателем 2 места по тогызкумалаку стал **Бекбаев С.Ш.**

2 место было присуждено по асык ату **Каргабаеву Б.** 3-е - **Хусайновой М.**

2 место по шашкам досталось **Кыдырбаеву М.**, а 3 место - **Жардемову Ж.** Победителям были вручены дипломы и подарки. Для участников мероприятий был организован бесплатный буфет со сладостями и свежей выпечкой.

Ветераны вуза еще раз продемонстрировали свои самые лучшие качества, позитивный настрой и выдержку – тем самым подтвердив высокую спортивную форму.

Алтыншаш ДАНДИКУЛОВА



БАҚЫТТЫҢ 90 пайызы – ДЕНСАУЛЫҚТА



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өткен жылы спорт шарасын қолдауға байланысты бейнеүндеу жолдаған еді. Бұл бастаманың мақсаты – еліміздің тұрғындары арасында дене шынықтыру мен салауатты өмір салтын насихаттау. Акция отандық танымал спортшылардың, еліміздің мәдениет және масс-медиа өкілдерінің қатысуымен ашық жаттығулар өткізу арқылы қазақстандықтарды дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға ынталандыру мақсатынан туындаған болатын.

Спортпен шұғылдану, жаттығу жасау – салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі кепілі болып саналатыны сөзсіз. «Денсаулығы мықты адам ғана бақытты өмір сүріп, биік мақсатқа қол жеткізе алады. Бүкіл адамзатқа белгілі қағида – байлық та емес, мансап та емес. Бақыттың 90 пайызы денсаулықта жатыр. Әрбір азамат «шынықсаң, шымыр боласың» деген қағиданы берік ұстанғаны абзал» – деп атап өткен болатын Нұрсұлтан Назарбаев.

Осыған орай М.Өтемисов атындағы БҚМУ-да «Салауатты өмір үшін» атты көпшілік сауықтыру шарасы тағы да жалғасын тапты. Аталмыш спорттық шараны

университетіміздің ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы ашып, барлық қатысушыларға алғысын білдірсе, «Nur Otan» партиясы БҚО филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мұрат Рахметұлы жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мен спортпен тұрақты түрде шұғылданудың маңыздылығын жеткізіп, сәттілік тіледі. Шараға «Jas Otan» қызметкерлері мен университетіміздің студенттері белсенді қатысты. Дені сау әрі белсенді адамдар ғана, соның ішінде жастарымыз елімізді алға жетелейтіні анық. Осы орайда, университетімізде жаңа оқу жылы және Қала күні мерекесі қарсаңында оқу орнының бас ғимараты аумағынан студенттерге арналған 920 шаршы метрді қамтыған жаңа спорттық алаң пайдалануға берілген болатын. Бұл да студенттерімізге бос уақытында спортпен айналысу, түрлі спорттық шаралар ұйымдастыру, демалуға шақыру, спортпен тұрақты түрде шұғылданатындардың қатарын көбейту, саламатты өмір салтын ұстануға бағыттауға жол ашары айқын.

Рүта СҰЛТАНҒАЛИЕВА

5 қазан күні БҚО тарихында алғашқы рет Орал қаласының әкімдігі, «Uralsk runners» салауатты өмір салты ұйымының ұйымдастыруымен «Ақжайық марафоны» өткен болатын.

БҚМУ Ақжайық МАРАФОНЫНДА



Марафонға М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті де қатысып, қолдау көрсетті. Университет ректоры Нұрлан Серғалиев көш бастап, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері 10,5 км, 21,1 км қашықтықтарды жүгіріп өтті.

Марафон нәтижесі бойынша, 21,1 км қашықтық бойынша университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы, 18-38 жас аралығында Т-11 топ студенті Аманбек Сисембаев жүлделі III орынға ие болса, осы жас аралығында ФКС-35 топ студенті Даулет Ниетжан жүлделі I орынды иемденді. Осы шарада қатысушыларымыздан бөлек университет сапынан 100-ден астам оқытушылар мен студенттер өз үлесін қосты.

Оралхан ҚАЖКЕНОВ,
оқытушы, магистр, «Салауатты өмір салты»
орталығының нұсқаушысы

ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

«Nur Otan» партиясы халықаралық спорт түрлерін насихаттап, жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында түрлі шаралар өткізіп келеді. 18 қазан күні «Jas Otan» Жастар Қанаты Батыс Қазақстан облыстық филиалы студенттер арасында «Nur Otan» партиясының кубогына арналған футболдан шағын турнир өткізген болатын.



Аталмыш турнирге ЖОО мен АОО командаларынан 8 команда қатысып, бақ сынады. Махамбет Өтемисов атындағы БҚМУ командасының жастары іріктеу кезеңінде қарсыласынан 8:0 есебімен басым түссе, жартылай финалда ҚазИИТУ құрамасын 9:00 ұлаймен ойсырата жеңіп, финалға жолдама алды. Ал финалдық бәсекеде ЖТА (агро) колледжінің құрамасын 5:1 айырма доппен ұтты. Жарыс нәтижесі бойынша М.Өтемисов атындағы БҚМУ жастары жүлделі I орынды иемденіп, жеңімпаз атанды. Сонымен қатар, Зейн Алибеков «Үздік шабуылшы» атанса, Қайрат Ахметов «Үздік қақпашы» аталымына ие болды. БҚМУ құрамасын жеңісімен құттықтаймыз!

Религиозная грамотность - требование времени

22 октября студенты ЗКГУ им. М.Утемисова встретились с представителями Управления по делам религий. Цель мероприятия - проведение профилактической работы среди молодежи, разъяснение актуальных вопросов в сфере религии, разъяснение о нетрадиционных течениях ислама, пути предупреждения молодежи от их влияния.

Гости вечера - к.и.н. ЗКГУ им. М.Утемисова Гиззатов Саялбек, представитель благотворительного фонда «Харакет» по ЗКО Мендешев Демежан и теолог Дуйсенали Беймбет рассказали о террористических и межрелигиозных столкновениях и проявлениях экстремизма, а также о путях предупреждения от нетрадиционных течений ислама, представляющих большую опасность для общества. Специалисты давали молодым наставления и говорили им о том, чтобы студенты упорно учились, проводили время с пользой, с

почтением относились к родителям, были патриотами своей страны, уважали традиции своих предков.

В ходе встречи были обсуждены причины вовлечения молодежи в запрещенные организации, а также актуальные вопросы теологического характера.

Встреча послужит формированию активной гражданской позиции, направленной на сохранение согласия и стабильности в обществе. Студенты задавали различные вопросы, касающиеся религии и получали исчерпывающие ответы.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстары республика көлемінде кезең-кезеңімен біртіндеп жалғасуда. Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті де бұл жұмысқа белсене атсалысуда. 16 қазан күні филология факультетінің ұйымдастыруымен «Жаңа әліпби емлесін оқыту әдістемесі» тақырыбында семинар өтті.

Латын әліпбиі — қазақ тілінің жаңа көкжиегі

Шара оқыту процесінде латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан меңгерту жолдарын қарастыру, педагог қызметкерлерге әдістемелік қолдау көрсету және латын графикасына өтуді қоғамда кең көлемде насихаттау мақсатында ұйымдастырылған болатын.

Жиын барысында сөз алған педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абат Қыдыршаев, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Құспан Аронов, философия докторы, аға оқытушы Айдарбек Ақболатов қазіргі қазақ тілінің құрылымдық, лексикалық, терминологиялық, коммуникациялық және әдістемелік түйткілдеріне, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін ересектер мен студенттерге үйрету мәселелеріне тоқталып, емле ережесіндегі ерекшеліктер жайлы сөз қозғады. Еркін форматтағы семинар барысында спикерлер тілдік зерттеулердегі жаңалықтармен бөлісіп,



қатысушылар құнды ақпараттарға қанықты.

Семинар соңында қатысушылар спикерлерге сұрақтарын жолдап, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

МҰРАҒАТ - халық жадында

Қазан айының 16-шы жұлдызында М.Өтемісов атындағы БҚМУ Тарих, экономика және құқық факультетінде ИСТР – 41 тобының IV курс студенті Сабина Куандихованың ұйымдастыруымен «Мұрағат – халық жады» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Жиын барысында қозғалған өзекті мәселе – қарапайым халықты мұрағат құжаттарымен таныстыру жолы. Шараға жиналған студенттер осы сұрақ төңірегінде ой өрбітті. Студент Айдана Ғұбай өз сөзінде мұрағат құжаттарын мерзімді баспасөз беттерінде мақала ретінде жариялауды ұсынса, Анар Досмағамбетова мұрағат құжаттарын насихаттауда радиохабарлардың

алатын орны ерекше екендігін атады. Одан әрі топ студенттері Темірлан Қайыржанов, Аяжан Оқасова мен Ринат Қаполлин аталмыш тақырыпта баяндама оқыды. Дөңгелек үстел «Метод шести шляп» атты психологиялық ойынмен жалғасты. Бұл психологиялық ойынды ХХ ғасырдың 80 жылдарында Эдвард де Боно атты психолог ойлап тапқан. Ойын барысында 6 студентке түрлі-түсті гүл беріліп, әрқайсысына өз ойларын жеткізу міндеттелді. Ақ түсті гүлді алған Данагүл Физзат ғалым ретінде фактілер келтіріп, сандармен жұмыс жасаса, қызыл түстегі Аружан Қадырғали суретші ретінде түйсікке, сезімге беріліп өз ойын білдірді. Сары түсті гүлге ие болған Нұрмира Зинуллина оптимист ретінде дөңгелек үстел барысында айтылған идеялардың оңды тұстарына мысал келтірсе, қара түстегі Алия Закеева пессимист ретінде идеялардың тиімсіз жақтарын атап өтті. Жасыл гүлді иесі Ринат Қаполлин шығармашылық пен креатив адамы ретінде ақылға сыймайтын, фантастикалық жолдармен идеяларды жүзеге асыру жолдарын көрсетті. Соңғы көк гүлдің иегері Аяжан Оқасова нағыз жүзеге асатын, нақты іске асыруға болатын жоспар құрды. Жиын соңында студенттер сөзжұмбақтар мен қорытындылау сұрақтарына жауап берді.

*Сабина КУАНДИХОВА,
ИСТ-41 тобының студенті*



М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да Жастар жылына орай «Болашақ-жастардың қолында» атты кездесу кеші өтті.

Шараны физика кафедрасының оқытушысы, фи-11 тобының кураторы Жұбанышова Меруерт Нұрғалиқызы мен студенттер бірлесе ұйымдастырды. Оған профессор, педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Журналистер одағының мүшесі, «ҚР Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының екі мәрте иегері Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі Тұрар Шайхиев және физика-математика факультетінің деканы Кульжумиева Айман Аманкельдиевна арнайы қатысып, студенттердің өнеріне баға берді. Шара барысында топ арасынан құралған студенттер латын әліпбиінде өз есімдерін, еліміздің танымал тұлғаларының аты-жөнін айна-қатесіз жазып көрсетті. Еркін форматта өткен кеште көптің ішінен суырылып шығып, ерекше белсенділік танытып, өнер көрсеткен, жылы лебіздерін арнаған жандардың қарасы көп болды. Студенттердің жаңа заманға сай, жалынды істерге қадам басқанын аңғардық. Кеш соңында студенттер кеш қонақтарымен бірге патриоттық рухпен ән шырқады.

*Ақмерей ЖОЛМҰРАТОВА,
ФИ-11 мамандығының 1-курс студенті*

Еркін форматта өткен кездесу кеші

Қазан айының 15-ші жұлдызында Х.Бөкеева атындағы Қазақ драма театрында «Bolashaq Development Fund» қоры қолдауымен Халықаралық ағартушылық көрме өткізілді.

Білім – болашақтың кілті

Көрме Қазақстанның 6 қаласы бойынша өткізіліп, оған АҚШ Ұлыбритания, Канада, Польша, Италия, Испания, Ресей сынды елдердің әлемдік деңгейдегі 39 жоғары білім беру университеттері қатысты. Бұл көрмеде студенттер танымал халықаралық дәрежедегі оқу орындарының ерекшеліктерімен танысты. Оған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің жаратылыстану-география факультетінің Б/ағылшын-3, Б/ағылшын-2 топтарының студенттері б.ғ.к., доцент



А.У.Утаубаеваның жетекшілігімен барып қайтқан болатынбыз. Көрмеде аталмыш елдердегі оқу орындарына түсу шарттарымен қатар, халықаралық шәкіртақы бағдарламаларымен де таныстық. Білім беру және оқуға түсу шарттары түсіндірілді. Біздің болашақ мамандығымыз «Ағылшын тіліне бағытталған биология пәні мұғалімі» болғандықтан шетел өкілдерімен тілдесіп, университеттерінің оқыту жүйесімен танысу өте қызық болды. Болашақта шетелдік университеттерде білім алуға деген қызығушылығымыз артты. Осы тұста осындай ауқымды көрмені ұйымдастырған «Bolashaq Development Fund» қорына, бізге көрмеге қатысуға мүмкіндік берген университет басшылығына алғысымызды білдіреміз.





Мәртебелі мамандық иелері ұлықталды

Күз – айтулы мерекеге толы мезгіл. Жыл сайын қазан айының алғашқы жексенбісінде ұстаздар күні тойланады. Бүгінде бұл мамандықтың мәртебесі жоғары. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, бойына ізгі қасиеттерді дарытатын ұстаздар қауымы биыл да кәсіби мереке қарсаңында зор құрметке ие болды. Осы орайда Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде шәкірттеріне жүрек жылуын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын бойына дарытқан мәртебелі мамандық иелеріне арналған салтанатты шара өтті.

Кештің шымылдығы «Арна» би ансамблінің бишілерінің вальсімен бастау алды. Одан әрі университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы, университеттің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Қажымұрат Мақсотұлы, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Түймеш Малбағарқызы, кәсіподақ төрағасы Мерген Қуанышұлы білім сапасын көтеруде абыройлы еңбек етіп жүрген ұстаздар қауымына

ізгі тілегін арнап, бірқатар ұлағатты ұстаздарды Құрмет грамотасымен, Алғыс хаттармен марапаттады. Бар өмірін ұстаздық қызметке арнаған абыройлы жандарды шәкірттері де ұмытпақ емес. Кеш барысында LED экраннан алыс-жақын аймақтарда жүрген түлектердің құттықтаулары тыңдалды. Бүгінде ерен еңбектері еленіп, жоғары мәртебеге ие болған ардагер ұстаздар да мерекелік шараның төрінен табылып, құрметке бөленді. Бойдағы бар білім-білігін, күш-қуатын шәкірт тәрбиелеуіне жұмсауды мұрат еткен жас мамандар ұлы қызметті абыроймен атқаратындарына серт беріп, ұстаздарға гүл шоқтарын табыс етті. Сондай-ақ, кеш барысында Ф.Құрманғалиев атындағы облыстық

филармонияның әншісі Айбар Хайырханов «Ұстазым», вокал кафедрасының оқытушысы Адиет Қаратаев «Ұстаздарға арнау», магистр, ұстаз Гүлмирам Қуанышева «Сильные люди», «Мәдениет саласының үздігі» Ақмарал Ахметова «Озорение», халықаралық конкурстардың лауреаты Тарас Жауынбаев «Гауһартас» әндерін шалықтата шырқаса, «Асем-ай» би ансамблінің бүлдіршіндері биден шашу шашып, ұстаздар қауымына көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Мерекелік кеш естелік суретке түсумен өз мәресіне жетті.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА





Әсем әуен әуелелен

Қазақ мәдениетінде кейінгі ұрпаққа табиғи талантымен өшпестей із қалдырып, өзінің таланты мен кәсіби біліктілігін өскелең ұрпаққа дәріптеп, вокалды өнер саласындағы дарынды жас орындаушыларды қолдап, классикалық вокалды музыканы кеңінен насихаттау мақсатында 24-25 қазан күндері М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да ҚР Еңбек сіңірген әртісі, доцент Жұмағаным Рахимованың 65 жас мерейтойына арналған I Халықаралық вокалистер конкурсы ұйымдастырылды. 2 күнге созылған вокалистер байқауына 21 үміткер қатысып, бақ сынады. Конкурс екі кезең бойынша өтті. Алғашқы кезеңде қатысушылар Батыс Еуропалық композиторлардың арияларын, Қазақстан композиторлар Одағының мүшесі, әнші-композитор Әшір Молдағайыновтың шығармаларын орындады.

Аталмыш шараның гала-концертінің шымылдығы Халықаралық «Серпер», «Жұбанов көктемі» фестивальдерінің лауреаты Дәулеткерей атындағы қазақ халық аспаптары оркестрі Құрманғазының «Сарыарқа» күйімен түрілді. Кейін университеттің оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры Әсет Сембайұлы мен «Nur Otan» партиясы Орал қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Кенесары Бекболатұлы сөз алып, кеш иесін мерейлі мерекесімен құттықтап, университет ректоры Нұрлан Серғалиев пен қала әкімі Абат Шыныбековтың атынан Құттықтау қағазын табыс етті. Одан әрі күміс көмей, жезтаңдай әншілер әуелетіп ән шырқап, көрерменге қуаныш сыйлады. Көптен күткен сәт те келіп жетіп, кіл мықтылар сынға түскен сайыстың жүлдегерлері де анықталды. Қазылар алқасының шешімімен Өліш Бейбарыс (Нұр-Сұлтан) байқаудың гран-при иегері атанса, Әзиза Әбдірайым (Алматы) мен Алтынбек Әбілда (Нұр-Сұлтан)

жұлделі I орынды қанжығаларына байлады. Ал Айбек Хайрулла (Қызылорда), Талғат Аллабиринов (Нұр-Сұлтан), Нұрай Қабылова (Қызылорда) байқаудың II орынын иемденді. III орын Нұрсәт Алмас (Алматы), Мадина Битимова (Орал), Нұржайнар Әбілхайырова (Нұр-Сұлтан), Ақбота Молдағайыноваларға (Нұр-Сұлтан) бұйырды. Сондай-ақ, Салтанат Мұратқызы (Қызылорда) мен Карина Нәжмеддиноваға (Нұр-Сұлтан) Ж.Рахимова атындағы арнайы жүлде мен диплом, Айбек Аллабиринов (Нұр-Сұлтан) пен Мирас Абдига (Нұр-Сұлтан) Ә.Молдағайынов атындағы арнайы жүлде мен диплом, қызылордалық Диас Омар (Қызылорда) мен Чингис Бозовқа (Орал) «Вокал Академиясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі атынан арнайы жүлде табысталды. Өнерге қадам басқан жас таланттарды тоғыстырған байқау жоғары дәрежеде өтіп, өз мәресіне жетті.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА



Жемқорлыққа қарсы жиын өтті

21 қазан күні Махамбет Өтемісов атындағы БҚМУ-да Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілі Арман Бердалин мен республикалық арнайы мониторинг тобының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері, қоғам қайраткері Ырза Тұрсынзада студент жастармен кездесті. Жиынды университеттің оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры Өсет Сембайұлы ашып, жүргізіп отырды. Басқосуда сөз алған Арман Бердалин сыбайлас жемқорлық тақырыбында сөз қозғай отырып, тұлға бойында қалыптасатын парасаттылық, әділдік сынды құндылықтарды кеңінен насихаттау қажеттігін атап өтті.

Ол өз сөзін:

«Бірде әкесі көңілі көтеріңкі отырған сәтте баласына: «Балам, күн жексенбі болсын, мен сені ойын-сауық орталығына апарып қыдыртамын» деп уәде береді. Баласы дүйсенбіден бастап күн санап, жексенбі болуын тағатсыздана күтеді. Жексенбі күні әкесі теледидарды қосса, әлем чемпионаты өтуде екен. Чемпионатты көруге ынтыққан әкесі отырған жерінен қозғалғысы келмейді. Баласы бүгін күн жексенбі екенін айтып, әкесіне келеді. Сол сәт әкесі әрі-бері ойланып, үстелдің үстінде жатқан А3 форматындағы газетті көзі шалады. Газеттің бір бетінде толығымен дүниежүзі картасы бейнеленген екен. Құлыққа басқан әкесі әлгі картаның парша-паршасын шығарып жыртады да, баласына: «Құлыным, менің бір шартым бар. Егер мына жыртылған картаны жинап әкелетін болсаң, мен сені қыдыртамын» - дейді. Алайда өзі ішінен: «Иә, саған, географияны мықты білетін ғалымның өзі ұсақ бөлшектерді жинауға 3-4 сағат уақытын арнайды. Ал сенің 4-5 сағатың кетіп, күн де батар» деп өз құлығына өзі риза болып жатқан кезде 15 минуттан соң бала картаны жинап әкеледі. Таң қалған әкесі: «Құлыным, сен мұны қайтіп тез жинадың?» деген кезде баласы: «Оның қиналатын несі бар? Газеттің артқы



бетінде адамның суреті бар еді, соған қарап жинай салдым» деген екен. Бұл дегеніміз – адам түзелсе, жер беті түзеледі дегенді білдіреді» - деп, әсерлі әңгімемен қорытындылады.

Келесі боп мінберге көтерілген Ырза Тұрсынзада жастарға өнегелі әңгімелерін айтып, маңдай термен тапқан ақшаның қадірі мен құны барын, берекелі болатындығын жеткізді. Текті халықтың ұрпағы

екенімізді жеткізіп, әңгіме ауаның қаракөз қыздарға бұрды. Ұлттың ұяты қыз бала екендігін айтқан Ы.Тұрсынзада қыз балалардың ары мен намысы оянса, ер балалардың рухы асқақтайтындығын жеткізді.

Шара соңында университет ұстаздары мен студенттері қонақтарға ақ тілектерін білдіріп, алғыстарын айтты.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

Подари улыбку

Первая пятница октября – день улыбки. В этот день в ЗКГУ им.М.Утемисова прошла акция «Подари улыбку». Цель акции - доставить хорошее настроение, радость преподавателям университета, студентам и всем сотрудникам. Девиз акции: «Мы дарим вам шарик, а вы нам - улыбку». Акция была для всех неожиданной, но очень приятной. Заходя в группы или в кабинеты, мы видели удивление на лицах студентов и педагогов. Никто не остался без нашего внимания.

«Поделись улыбкою своей, и она не раз к тебе вернется...». Можно только догадываться, какое влияние оказывает на людей добродушная улыбка, подаренная нами или обращенная к нам. Акция достигла своей цели и принесла много хорошего настроения и, конечно, улыбок!

Собкор.

ВОЛОНТЕРСТВО бюджет оплачивается

1 октября 2019 года в актовом зале Западно-Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова прошло собрание, на котором обсуждался вопрос о волонтерской деятельности. В актовом зале собрались руководство вуза и все волонтеры университета.

Как известно, будущий год объявлен Годом Волонтеров, и на собрании было сказано о том, что волонтерам будет оплачиваться стипендия. Всем активно участвующим в сфере волонтерства были объяснены условия проекта:

1. Министерством нашему университету выделено 91 квота.
2. 65 студентов могут работать на 20-часовой основе, а 26 студентов - на 50-часовой основе. Соответственно им будет выделено по 20 тысяч и 50 тысяч тенге.
3. Благодаря своей волонтерской работе студенты смогут оплатить обучение.

В скором времени этот проект начнет свою работу, а пока университет набирает студентов, которые будут работать по условиям проекта. Я думаю, что это огромный прорыв, и это прекрасно, что уделяется внимание волонтерам и их труд оценивается.

Дария ДЖУМАГАЛИЕВА
студентка группы РЯЛ-22

14 октября в ЗКГУ им. М.Утемисова, как и во всех учебных заведениях страны, проведен единый «Час честности». Основная цель мероприятия — формирование принципов честности, добропорядочности в студенческой среде, а также формирование в образовательном процессе чувства неприятия коррупции среди студентов.

ДОБРОПОРЯДОЧНОСТЬ как главный принцип Честных знаний

образовательного процесса должны проявлять академическую честность как в рамках учебной деятельности, так и за ее пределами.

Главный специалист Департамента Агентства по противодействию коррупции по ЗКО Еркман Ерланович прочитал лекцию о добропорядочности, честности.

«Один из благородных качеств человека – честность. Быть честным, правдивым перед своей совестью - это проявление доброжелательного поведения. Вы - молодое поколение, которое шагает в большую жизнь. Будьте честным всегда!».

Был продемонстрирован видео-фильм о коррупции.

«Студенты должны быть честными,

добропорядочными. В свое время мы уважали своих преподавателей, не пользовались шпаргалками. С утра до вечера ходили на занятия, сидели в библиотеках. Если вы списываете во время экзамена, преподаватели будут думать, что дали недостаточное знание студентам. А если не позволять списывать, тогда они будут более ответственно относиться к учебе», - сказала кандидат физико-математических наук Айман Амангельдиевна.

Проведение Единого часа показало, что преподаватели и студенты ЗКГУ им.М.Утемисова готовы следовать моральным и этическим правилам академической деятельности.

Алтынаш ДАНДЫКУЛОВА



Проректор по воспитательной работе Даришева Туймеш Малбагаровна отметила, что академическая честность является одной из ключевых ценностей в образовательном процессе ЗКГУ. В университете утверждён и действует «Кодекс академической честности». С обращением к студентам и преподавателям выступил также проректор по научной работе Ахмеденов Кажмурат Максатович, обозначив принципы академической честности. Согласно этой установке все участники

Олимпиада оздырылды

25 қазан күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ математика кафедрасының студенттері арасында оқытушы, магистр Елжан Есетов пен М-41 студенттерінің ұйымдастыруымен физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор Асан Таймановтың 102 жылдығына орай «А.Тайманов атындағы бірінші «Математикалық регата» олимпиадасы оздырылды.

Олимпиаданың ашылуында А.Таймановтың өмірі мен шығармашылығынан түрлі бейнеролик көрсетіліп, еңбектері талқыланды. Регата 4 турдан тұрып, 7 команда бақ сынасты. Үздіктер қатарынан көрініп, I дәрежелі диплом мен ауыспалы кубокты М-33 тобының студенттері алса, М-31, М-13 тобы II дәрежелі, М-41 тобы мен М-21 топтары III дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Дина НҰРЖАНОВА,
М-43 тобының студенті



1 қазан - Халықаралық қарттар күні. Осыған орай физика-математика факультетінің белсенділері қаламыздағы қарттар үйіне барып, қариялармен жүздесіп қайтқан болатын. Белсенді студенттер қарияларға арнап «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты мерекелік кездесу кешін өткізді.

Қарияларға құрмет

Шара барысында физика-математика факультетінің студенттік деканы Нұрсұлтан Нұрбергенұлы қарияларды мерекесімен құттықтай отырып, үлкендеріміздің қашанда жас ұрпаққа төзімділіктің, даналықтың үлгісі екенін жеткізді. Сондай-ақ, кеште әсем ән шырқалып, би биленіп, қазақтың қара домбырасының күмбірі естілді. Факультетіміздің студенттері қай-қайсысы да өнерден алыс емес екендіктерін көрсетіп, қарияларға керемет көңіл-күй сыйлады. Кеш барысында студенттеріміз қарияларымызбен би билеп, көңілдерін бір серпілтіп тастады.

Мерекелік кеш соңында қариялар үйінің мәдени ұйымдастырушысы Абзал Талғатұлы сөз алып, студенттерге алғысын білдірді.



Асыл ҚҰРАМЫСОВА,
Физика-математика факультетінің студенті



Құрметке бөленген күн

Ұстаздар күні мерекесіне орай М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Филология факультеті қазақ филологиясы кафедрасында «Ұстазым бар сенің қасиетің» атты мерекелік шара өтті.



Аталмыш шараның бір ерекшелігі - бұл шараны биыл ғана университет табалдырығын аттаған I курс студенттері ұйымдастырды. Небары бір ай уақыт өтсе де, I курс студенттері ұйымшылдықтарын көрсетіп, өз өнерлерін ортаға салды.

Ұстаздарым биік тұлға байсалды,
Құшақ жайып өз мерекен қарсы алды.
Қуанышты жарқын тілек білдіріп

Құттықтаймыз, ұстаздарым баршаңды – деп ақын-дар жырға қосқан қасиетті мамандық иелеріне өлең жолдары арналды. Студенттер ән айтып, би билеп, терме орындап, кафедра оқытушыларының көңілдерін көтеріп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Шара соңында кафедраның профессор-оқытушылар құрамы студенттерге алғыс білдіріп, алдағы оқу жылына толағай табыс тіледі.

Нашей университетской газете
в октябре месяце с.г.

исполнилось 85 лет!

Почти ровесница вуза – студенческая газета отражает события университетской студенческой жизни и общества в соответствии со временем.

Поскольку наш вуз, образованный в 1932 году, являлся Уральским педагогическим институтом, газета носила название «За педагогические кадры!»...



Листая страницы нашей старушки-многотиражки, можно проследить историю развития института и его факультетов, это история руководителей, педагогов и студентов...

В связи с тем, что в XX веке университет стал многопрофильным, менялось и название студенческой газеты – 90-е годы она называлась «Имидж», а в 2000-м г., после объединения трех региональных институтов г.Уральска, газета стала называться «Өркен» - что означает «Росток» и символизирует развитие, устремленность в будущее – собственно, то, что является миссией вуза: подготовка и воспитание молодых кадров для нашей страны.

Құттықтаймыз!

ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен Интернационалдандыру орталығының жетекшісі **Зубков Владислав Сергеевичті** 6D021300 – «Лингвистика» мамандығы бойынша **Философия докторы (PHD) дәрежесін** алуымен құттықтаймыз.



Атырау қаласында өткен Мемлекеттік Гимн авторларының бірі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Жұмеке Нәжімеденов атындағы көркемөз оқу шеберлерінің республикалық байқауында университетіміздің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының **4-курс студенті Бақтыбай Нұрсұлтанды** жүлделі II орын алуымен шын жүректен құттықтаймыз! Шығармашылықта зор табыс тілейміз!



18 қазан күні Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Музейлер шеруі» республикалық акциясы аясында «Көне дүние күмбірі» атты ашық есік күні мен музей түні мерекелік шаралары ұйымдастырылды.

АТАМҰРА - ұрпаққа мирас

М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенттері де қатысып, тамашалап қайтты. Күндіз сағат 2-де бастау алған шара түнгі 3-ке дейін жалғасты. Алдымен киіз басу өнерінен шеберлік сағаты өтсе, қала тұрғындары артынша жәрмеңкеге қатысты. Одан әрі «Музейстар – 2019», «Түнгі музей» атты мерекелік концерттер, «Қыш құмыралар құпиясы», «Ортағасырлық Жалпақтал» қалашығы, Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының «Ортағасырлық Сарайшық - Қазақ елінің астанасы», зерттеуші-ғалым Ысмағұлов Мұстафаның туғанына 105 жыл толуына арналған «Халық мұрасының жанашыры», Атырау облысының Махамбет тарихи-өлкетану музейінің «Ұлы дала тарихы- ұрпаққа аманат» көрмелерінің ашылуы өтіп, «Жәңгір» атты спектакльден үзінді тамашаланды. Музей түніне арналған шара барысында этно-фольклорлық ансамбльдің орындалуындағы әуендер де орындалып, көрермендер Алтын ханшайым, Махамбет пен Исатай, Троя арулары бейнесіндегі актерлермен суретке түсу мүмкіндігіне ие болды. Кейін қонақтар музей залдарына экскурсия жасап, көне жәдігерлермен танысты.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

Ой толғау

Студенттік шақ оралмақ емес

Студенттік шақ! Қызығы мен шыжығы таусылмайтын, ең тамаша, есте қаларлық кезең! Қанша жазушы шығарма жазып, қанша ақын өлең арнағанымен оқырмандарды есте бір жалықтырған емес. Ең алғаш «студент» атанған кезде қуанышың қойныңа сыймай, төбең көкке бір елі жетпей тұрғандай көрінеді. Кейіннен студенттік өмірде жаңа,



біз естімеген сөздер пайда болады: «Куратор», «Жатақхана», «Семинар», «Сессия», «Рейтинг». Әрине, бұл ерекше сөздерді студент боп көрмеген адам түсінбесі анық. Кезінде ата-анамыз «біздер студент болғанда...» деген әңгімелерін алдымыздағы асымызды қоя салып тыңдай қалушы едік, бір әдемі ертегі секілді көрінетін.

«Жас мұраты – білім, тәлім – талабы өнер, оқу – жастықтың қару жарағы» - деп қазақтың біртуар жазушысы І.Жансүгіров айтқандай, әрбір студенттің мақсаты - үздік оқу болуы тиіс. Барлық студенттер де алғашында аузынан ана сүті кеппеген ерке, аңқау болып келеді. Құдды бір көре сала «перваш» екенін аңғара қойғандайсың. Біз арман қуып, білім жолында Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған болатынбыз. Алғаш жоғарғы оқу орнының табалдырығын аттап, университеттің қара шаңырағына жиналған сәттен «перваш», «балмұздақ» атанып үлгердік.

Кейбір студенттер жаңа қала табиғатымен танысамын деп қыдырып, жатақханадан шығу жолдарын іздеп әлек. Енді бірі бар күшін өнер-білімге жұмсап, кітапханамен дос болып үлгеріп, белсенді болуға талпынуда. Студенттік жылдар небәрі төрт-ақ жылға созылады. Төрт жылда біраз нәрсе өзгереді, әрине. Бірақ, бұл төрт жылымыз төрт күндей, көзді ашып - жұмғанша өтіп кететіні айдан анық. Тек жақсылық пен турашылдыққа ұмтылып, бүгінгі күнімізді мақтаншыпен айтып отыратындай күнге де жетерміз. Алланың берген алтын уақытын қор қылмай, тек қана өнер – білім жолында, ізденіске жұмсап, көп асуды бағындыратынымызға сенімді болайық! Болашақтың күші тек жастарда екеніне мен сенімдімін!

Ақнұр СЕМБАЕВА,
Халықаралық қатынастар мамандығының
1-курс студенті

Менің туым, менің Отаным!

29 қазан күні Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Нұр Отан» партиясының бастамасымен «Менің туым, менің Отаным!» атты патриоттық акция өтті.

Аталмыш акцияға университетіміздің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Түймеш Малбағарқызы мен университеттің жастар ісі комитеті, оқытушылар мен студенттер қауымы қатысты. Шараның мақсаты – мемлекеттік туды насихаттау және қазақстандық

жастарды патриотизмге тәрбиелеу, сондай-ақ азаматтардың мемлекеттік туды пайдалануға және орнатуға тыйым салу туралы қоғамда қалыптасқан стереотипті жою. Еңселі оқу ордасының алдында өткен акция барысында еліміздің көк туы көкке көтеріліп, студенттер қолдарына жалауша ұстады. «Менің туым, менің Отаным!» деп ұрандатқан жастар қазақ, өзбек, орыс, ұйғыр, тәжік сынды тағы да басқа көптеген ұлттардың ұлттық киімін киіп, мың бұрала би биледі. Шара соңында акцияға қатысушылар естелік суретке түсті.

КОГДА КОМАНДА ЕДИНА, ВМЕСТЕ МЫ - СИЛА!

В мастер-классе «Создавай себя сам!», который проводил генеральный директор университета «Синергия», из 6000 студентов было выбрано 30 студентов в команду ректора Западно-Казахстанского университета М.Утемисова. После отбора в университете в течение недели проводилось обучение студентов. Вели его директор Департамента развития университета «Синергия» Садыкова Дана Ренатовна и журналист, телеведущий Кайрат Мейржанович.

В ходе проведения тренинга наставники поделились лучшими идеями на темы «Как выбрать свою нишу в бизнесе», «Как построить публичное выступление: стратегия и тактика», «Факторы оказания воздействия на аудиторию», «Как привлечь и удержать внимание? Техника самопродвижения и влияния», «Искусство интервью» при помощи разнообразных игр, мини-лекции, дискуссии, которые дали мотивации для участников.

Бизнес-тренеры максимально постарались сформировать такой тип мышления у студентов, который позволит сфокусироваться на главных аспектах построения успешного бизнеса. Участники тренинга могли попробовать себя в роли дипломатов и в роли экспертов, наблюдающих со стороны и анализирующих происходящее. Вовлеченность в учебный процесс

и возможность под наблюдением бизнес-тренера проявить знания позволили на практике отработать несколько навыков: донести информацию, услышать мнение оппонента, найти нужные аргументы, преодолеть сопротивление в диалоге, перехватить инициативу и т.д. Нужно отметить, что бизнес-тренинг прошел под бурное обсуждение и единогласное мнение, что за этот сравнительно небольшой период времени участникам удалось получить неоценимые знания и опыт, что позволит повысить личную эффективность.

После завершения обучения были отобраны самые лучшие студенты из участников в команду ректора. Они будут поднимать статус ЗКГУ на новый уровень.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

«Даналық сөзден дән ізде!»

Философия жеке адамның тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етіп қана қоймайды, ол адамға өмірлік бағыт-бағдар береді, дұрыс ойлай білуге, өзі туралы тереңірек ойлануға әсерін тигізеді. Осы орайда Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік - саяси пәндер кафедрасының доценті тарих ғылымдарының кандидаты Б.С.Боранбаеваның ұйымдастыруымен физика - математика факультетінің М-21 тобының студенттері философия пәні бойынша «Даналық сөзден дән ізде!» атты философиялық танымдық ашық сабақ өткізді. Ашық сабаққа студенттермен қатар математика кафедрасының оқытушы ұстаздары да қатысты.

Аталмыш сабақ М/у -23, Физ/у -23, Дов-21 топтарының студенттері дайындаған «Даналық сөзден дән ізде!» атты шығармашылық жұмыстарының көрмесін тамашалаудан басталды. Сабақтың негізгі бөлімінде М-21 тобының студенттері Т.Ахметжанов, Т.Бозаев, Ә. Елеусін, Ж.Жайлаубай, Қ.Жұмақаев, Ж. Жалғасбаев, А.Орынғали көне грек философтары Фалес, Анаксимандр, Анаксимен, Аристотель, Пифагор, Сократ, Платон образдарын сомдап, олардың адамгершілік, тәрбие, білім, ғылым, ақыл-парасат, мақсат, арман туралы айтқан даналық сөздерімен таныстырды.

Ашық сабаққа қатысқан ұстаздар жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілген сабаққа студенттердің қызығушылықпен белсенді қатысқандығын, сабақтың тәрбиелік мәнінің жоғары екендігін атап көрсетті.

Назым АБАЕВА,
М-21 тобының студенті



Пікірсайыс ойыны өтті

Филология факультетінде «Тіл - халық қазынасы, рухани күретамыр» тақырыбында «Қазақ тілінің бүгінгі ахуалы» атты университетішілік пікірсайыс ойындары өткізілді.

Турнирді филология факультетінің деканы Аскен Муханбеткалиев ашып, ойыншыларға сәттілік тіледі. Ойынның әр тақырыбы «БП: Бастауыш сыныптарда оқитын оқушыларға үштілділік саясатын жүргізбеу керек деп есептейді», «БП: Қазақстанның болашағы үшін орыс тіліне қарағанда ағылшын тілі маңызды деп есептейді» сынды қазіргі кездегі ең күрделі мәселелерді қозғады. 8 фракция қатынасқан турнир тартысты өтті. Қатысушылардың ойыны төрешілік жасаған пікірсайысшыларға да ұнады.

Ойын қорытындысы бойынша «Үздік төреші» аталымын Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенті Бағдат Оразхан, «Үздік спикер» аталымын Физика мамандығының 3-курс студенті Айымбек Сарымсақов, «Үздік талпыныс» аталымын «Жоғарыға» фракциясының ойыншылары Шет тілі: екі шет тілі

мамандығының 2-курс студенті Лиана Усенова мен Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенті Назерке Қаленова, 3-орынды «Жайық еркелері» фракциясының ойыншылары Филология: қазақ тілі мамандығының 2-курс студенттері Әсел Алдабергенова мен Жібек Ұзақбаева, 2-орынды «Педфак үшін» фракциясының ойыншылары Педагогика және психология мамандығының 4-курс студенті Зарина Нұрлан мен Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 2-курс студенті Ақтілек Зейнуллин, 1-орынды «Көңіл толқыны» фракциясының ойыншылары, Физика мамандығының 3-курс студенттері Айымбек Сарымсақов пен Темірлан Кенжеғалиев иемденді.

Назерке ҚАЛЕНОВА,
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенті

Өнерге махаббатпен

М.Өтемісов атындағы БҚМУ Мәдениет және өнер факультетінің студенттері арасында жыл сайын ұйымдастырылатын таланттылардың тағдырын тоғыстыратын арнайы жоба «Талант» байқауы биыл да жалғасын тапты. Қазан айының 10-жұлдызында шымылдығын түрген байқау «Muzfak prime» атауымен ұйымдастырылды.

Кешті «Crystal» би тобы прологпен ашып, жоба жүргізушілерін ортаға алды. Байқаудың әділқазылар алқасы таныстырылған соң «Adam» тобы «Ән әлемі» атты әдемі әнді шырқап, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Одан әрі таңдайына бұлбұл ұя салған әншілер ән салып, көрермендердің ыстық ықыласына ие болды. Атап айтсақ, «Номад» аспаптық ансамблі попуриді орындаса, «Loveg» тобы «Сен болмасаң», «Тұмар» тобы «Қазағым-ай», «Шаһ» дуэті «Бір ел болса», «Гефест» тобы «Құрбыма», Жанболат Мейірбек «Аридаш» әндерін шырқап, құлақ құрышын қандырды. Поэзияға жаны құмар Арман, Құралай, Зулфира сынды жастар көркемсөз оқыса, Асылбек Қуанышқалиев, Зулфира Құлбекова, Арайлым Изтелеуова есімді жас ақындар жантебіренерлік өлең жолдарын оқыды. Ал «Галам» KBN командасы езуге күлкі үйіртпін, көптің қошеметіне бөленді. Өнерлілердің басын қосқан жобадан би топтары да бой көрсетті. «Crystal» тобы орыс биі мен заманауи билерді мың бұрала билеп, кештің көркін аша түсті. «Sky Fall» хроникалары әсерлі қойылым сомдап, кеш қатысушылардың жалпы Әнұранымен қорытындыланды.



Талайды танытқан ТАЛАНТ



түсті. Сондай-ақ, «Сұлу» би тобы заманауи биді мың бұрала билеп, кештің ең ерекше нөмірі болған «Шейх» әнін орындаушы Габдрахман Талапов пен Айгерім Бектасова көрерменнің таңдайын қақтырды. Әдемі кештің соңы қатысушылардың жалпы Әнұранымен өз мәресіне жетті.

Жұлдыздар жарқырайды

2 күнге созылған «Талант-2019» байқауы қазан айының 23-і күні қорытындыланды. «Құлақтан кіріп бойды алар» әсем әуендерді шырқаған әншілер, тал шыбықтай мың бұрала билеген бишілер, жүрекжарды өлеңдерін арнаған ақындар, әсерлі көріністерді сомдаған студенттер сахна төрінде қалың көпшілікке өз өнерлерін паш етті.

Қатысушылардың өнерін тамашалап, қазылық еткен әділқазылар алқасының шешімімен «AWSS Shine» тобы «Үздік топ» атанса, Мейрам Шайхымалиев пен Зинур Сахтай «Көрермен көзайымы» аталымын жеңіп алды. Ал Альфия Өтебаева «Үздік тәлімгер» номинациясының иегері болды. Сонымен қатар, қатысушы топтар «Үздік Әнұран», «Үздік патриоттық ән», «Аспапта орындау», «Заманауи би», «Халықтық би», «Аспаптық ансамбль», «Сахналық безендіру», «Үздік дизайнер», «Үздік мақала», «Театрландырылған көрініс», «Үздік көркем сөз», «Жас ақын», «Үздік сценарий», «Эстрадалық ән», «Үздік жайдарман», «Заманауи ән», «Эстрадалық ән», «Ерекше жанр», «Үздік афиша» сынды көптеген аталымдарды өзара бөлісті. Жас таланттардың басын қосқан бұл шара көрермен жадында ұзақ сақталары сөзсіз.

Азиза СҮЙНШКАЛИЕВА,
Аида ОРАЗОВА

Көрерменге ой салған

Байқаудың екінші күніндегі кеш жұлдыздары «AWSS Shine» тобы болды. Кеш жылдың 4 мезгілін бейнелеу арқылы ерекшелене түсті. Ең алдымен күз мезгілінен басталған концерттің сахна шымылдығы «Премья» күйімен, әдемі эффектілермен ашылып, кезекті қойылымдардан кейін кеш жүргізушілерін ортаға арнайы мизансценамен алды. Байқаудың әділқазылар алқасы таныстырылған соң «Салтанат» күйін орындаушылар сахнаға сән кіргізіп, бір топ жас ақындар «Күзгі мұң» қойылымымен көрерменге ой салды. «Алға» әнін орындаған Әділет Жүсіп дүйім жұртқа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Қылышын сүйретіп келген қыс мезгілін «Ай туғанда» және «Кек» поэзиялары жандандыра түсті. Одан әрі кештің сәнін бұлбұл дауысты әншілер мен мың бұралған бишілер аша түсіп, көрермендердің ыстық ықыласына ие болды. Атап айтқанда, Рамазанова Альфия «Что меня ждет» әнін фортепианомен сүйемелдеп орындаса, «Awss Shine» жайдарман тобы көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Көктем мезгілінің сәнін дәстүрлі әншілер кіргізе, «Тағдыр соққысы» атты мағынасы терең қойылым арқылы кеш одан әрі жандана



19-20 қазанда Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде «Zhubanov CUP-2019» аймақтық пікірсайыс турнирі өтті.



Турнирге Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Орал қалаларынан 32 фракция, яғни 64 спикер қатысты. Турнир қорытындысы бойынша Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті «Құқықтану» мамандығының 3-курс студенті, «Ақиқат пікір-талас орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінің координаторы **Ерсұлтан Жалмұқан** мен «Ақиқат» пікір-талас орталығының мүшесі **Нұрсұлтан Тұрсынғалиев** 1-орынды иемденіп, турнир жеңімпазы атанды. Кубок иегерлеріне арнайы ақшалай сертификат табысталды. Сонымен қатар, «Ақиқаттық» пікірсайысшылар 1/4, 1/2 финалдарына жетіп, жақсы көрсеткіш көрсетті. 64 спикердің ішінен **Айымбек Сарымсақов** ЛД финалына дейін жетіп, мықтылығын дәлелдеді. Жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз!

Жеткен жемістік жетерлік

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі республикалық жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері 5В012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша жеңімпаз атанып, I дәрежелі дипломға ие болған **Г.Тілешованы** (ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., М.Өтемісов атындағы БҚМУ қауымдастырылған профессор **Р.Сұлтанғалиева**), 5В011300 – «Биология» мамандығы бойынша II дәрежелі диплом иегері **А.Үсенованы** (ғылыми жетекшісі: профессор **Т.Дарбаева**), 5В011200 – «Химия» мамандығы бойынша жүлделі III орын иегері атанған **М.Артаева** (ғылыми жетекшісі: **Б.Кусаинова**), 5В010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша **Н.Курманғалиеваны** (ғылыми жетекшісі: **Н.Кулдашева**), 5В010300 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша **Ә.Аязованы** (ғылыми жетекшісі: **І.Хасанова**) жоғары жетістікке ие болуларымен, сондай-ақ, аталмыш байқауда Алғыс хатпен марапатталған студенттеріміз 5В020400 – «Тарих» мамандығы бойынша **Г.Сертаеваны** (ғылыми жетекшісі: **А.Байбұлсынова**), 5В011300 – «Биология» мамандығы бойынша студенттеріміз **Ж.Мұрадым** (ғылыми жетекшісі: **Б.Сәрсенова**), **А.Бағдалованы** (ғылыми жетекшісі: **А.Жароева**), 5В011200 – «Химия» мамандығы бойынша **А.Әбдіқайымды** (ғылыми жетекшісі: **Б.Кусаинова**) шын жүректен құттықтаймыз.



Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің аға оқытушысы **Аяғуз Нурманова** «Лидер. Кz» Халықаралық интеллектуалды білім орталығының ұйымдастыруымен өткен «Жас маман – 2019» атты педагогтарға арналған республикалық байқауда I орын иегері атанып, білім беру саласына қосқан үлесі үшін дипломмен марапатталды.

2013 жылы қазанның 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 октября 2013 года

Бұлақ көзі

Шебергі шезе қағысынан таныр болар

«Өсер елдің ақыны көп, өшер елдің әкімі көп» дегендей, қолына қалам ұстаған жас таланттардың көп болғаны қуантады. Бұлақ көрсе, көзін аша білгенге не жетсін! Қына тастан шығары, өнер-білім жастан шығары аян. Тұлпар шаба жетілері, сұңқар ұша жетілері анық. «Ай-айдың аты басқа, әр айдың оты басқа». Әрбір жас таланттың қарым-қабілеті, аяқ алысы, қанат қағысы бір-бірінен бөлек. Осы саптағы *Гүлбиби* – қойнауы құтқа толы Қызылорда аймағынан жайдары Жайық төсіне асыл арманын алқа ғып келген өрім. Алғашқы нық қадамымен биік талап үдесінен сонадайдан менмұндалап көрінуде. Ең бастысы - жазуға құлшынысы ерекше. Қаламынан туған әрбір «туындысы» - рухани жан дүниесіндегі таза, таң алдында қауызына шық тұнған гүл бейнесіндегі мөп-мөлдір. Баспа бетіне ұсынған «*Аспанға жолданған хат*» атаған үзік сырында әлемнің алтын діңгегі анасына сағыныш сазын әуелетсе, «Сол бір көктем» атты әңгімесінде қыз балаға тән ұяң мінез, сұлу сезімге адалдық көрініс тапқан. Тың теңеу, нәзік иірімдермен өрілген әсерлі әңгімелерін ойлы жүрекпен оқымау мүмкін емес.

Бәйгеден ат келмесі, бап келерінің даусыздығын мойындай келе, *Гүлбибиге айтарымыз*, шеберлікке шек жоқ. Шеберлік биігі темірге тіл, жаңқаға жан бітірін білгейсің! Оймақ пішсең де ойлап пішкгейсің! Ақпаса, су да бұзылады. Сүйіп істеген іс қашанда шаршатпасы анық. Жүрген аяққа жөргем ілінерін әркез ескергейсің! Осы тұзу жолда күшіңе сенбей, ісіңе сенгейсің! Келешек үлкен жолда *тәзімің – тірегің, сабырың – қамалың, ақылың – әл-қуатың, ар-абыройың – қазынаң, қанағатың – асыл тасың, батаң – мұраң, өдебің – сенің, ақиқатың – емің, үмітің – көңіл азығың, сезімің – бұлағың, қиялың – шырының, тілің – жүрегіңнің елшісі болғай!*

Ақ тілекпен, Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
п.ғ.д., профессор, академик,
Қазақстанның құрметті ұстазы
Еркеназ ЕРКІНҚЫЗЫ,
ақын, филология факультетінің
IV курс студенті

затында сіздің мамық қолдарыңыздың ізі, әр бөлмеде сіздің жәннәт иісіңіз... Анашым, мына ерке балаңызды келіп бір сәт ыстық құшағыңызға бөлеп, еміріне сүйіп кетіңізші. Мен сіздің махаббатыңызға шөлдедім, тамағымды суық қарып барады, мұрным иіс сезуден қалды, жүрегім мұз, санам күз... Анашым, менің өміріме шуағыңызды бір сәт төгіңізші! Барлығы баяғыдай болғанда, шіркін!.. Желдей жүйтігем мына уақытты кері айналдыра алсам, сонда сіздің махаббатыңызға тоюшы ма едім? Өміріме қаһарлы қыстың аяздарын әкелген күнді мәңгілікке көзін құртып, бақыттың құшағында бірге тербелуші едім!..

Рұқсат болса, анашым, бұл хатымды осы жерден төмемдайын.

Алыстан жер мен көкті шаңға орап, ауылдың қой, ешкілері келе жатыр... Сізге өтінішім, көктен маған бір жымыып, суық түсіме тәтті сәуле шашып, еніп тұрыңызшы!.. Ал, сау тұрыңыз! Бетіңізден он мәрте, жо-жоқ, жүз мәрте сүйіп, қатты құшақтадым...

Қанатты достарыма сендім. Менің осы сағынышқа толы хатымды сізге жеткізер. Ақша бұлтты аспанға жіберілген хаттан жәй ғана үзінді!..

Гүлбиби БАҚЫТБАЕВА,
филология факультетінің II курс студенті
(«Филология: қазақ тілі» мамандығы)

Ұлы дала өркениеті

Қазақстандық Тұтанхамон - «Алтын адам» құпиясына үңілсек

Жаңа ұрпақты түп тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға, бабаларымыздың өз тұсында аса жоғары деңгейдегі көркем дүниелер жасағанын тануға, Дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін бай мифологиясына терең үңілуге, ежелгі зияткерлік дәстүрлерінен хабардар болуға баулу аса қажет. Осы мақсатта қазан айының 9-ы күні филология факультетінің «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығында (ИЯ-11, ИЯ-13- топ) оқитын студенттерінің ұйымдастыруымен «Алтын адам құпиясы» тақырыбында тағылымды ашық тәрбиелік сағаты өткізілді. Аталмыш шараға арнайы шақырылған «Рухани жаңғыру» институтының директоры, п.ғ.д., профессор **Абат Қыдыршаев** кеш тақырыбына сәйкес «Алтын адам» кейпіндегі жауынгердің талай тылсым құпияның бетін ашқанын, біздің бабаларымыздың әлі күнге дейін өзінің асқан көркемдігімен тамсандыратын аса жоғары деңгейдегі көркем дүниелер жасағанын таразылап, жауынгердің алтынмен апталған киімдері

ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергенін аңғартатынын баяндады. Ал «*Рухани жаңғыру*» институтының ғылыми қызметкері **Тұрар Шайхиев** бұл жаңалықтың Дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін бай мифологиясын паш етеріне тоқталды. Пікірталасу барысында **Хадида Сайлаубаева**, **Гүлбану Назарханова**, **Анита Жайлыбай**, **Мақсат Қыдыршаев**, **Сара Таңсықбаева**, **Ұлболсын Дүзелбаева**, **Нұржан Жеткербаев** секілді т.б. I курс студенттері белсенділік танытып, түп тамыр, жаңаша көзқарас, әлемдік ғылым, сенсория «қазақстандық Тұтанхамон», «Алтын адам», тылсым құпия, эстетика, мифология, зияткерлік дәстүр, ең көне жазу секілді ұғымдардың астарына бойлай алды. Тәрбиелік кеш тағылымға толы болды. Топ студенттері ілгеріде де осы орайлас іс-шараларды ұйымдастыру қажеттілігін сезінді.

Закура БАТЫРБЕКОВА,
Ботагөз РАБАЕВА,

«Шетел тілдері» кафедрасының магистр-оқытушылары

Талант тамшысы

Аспанға жолданған хат

Үзік сыр



Аққала ақша бұлттар... Бірінің үстіне бірі қаздай тізіліп, сырласқысы келгендей бір жылап, бір күледі... Қолымда мұнтаздай ақ парағыммен қауырсын қанатты қаламым... Анамның алақанындай үлбіреген бұлттарға жан сырымды ақтаруды ұйғардым...

Оқуымды жақсыға бітіріп, сағыныштың сары мұңыммен достасып, ауылға келдім. Сағына сарғайған бауырларымды емірене құшақтап, ауылымның ауасын рахаттана жұттым... Алайда, білемісіз, сонда

да үйде ерекше салқындық бар. Күн шуағымен жер бетін тербесе де, біздің үйді нұрына бөлемегендей. Барлығы сондай көңілді, асыр салып, бірін-бірі қуалай ойнаған кішкентай періштелер... Бірақ менің жүрегімде сол баяғы күз... Себебі, ана, сіз жоқсыз... «Құлыным» деп еркелетіп, ып-ыстық махаббатыңызды жаныма сәуле етіп, маңдайымнан сүюші едіңіз... Әркез бір мезетте тыныштықтың дәмін сезбейтін суық қаладан шаршағанда, сіздің нәзік үнді дауысыңыз бар әлемді гүлдендіретін... Білемісіз, ана, сізге деген сағынышым жеті қабат жерді тесіп өтіп, жеті қат көкке жетті...

Дастархан басы... Менің келетінімді естіп, үйдегілер біраз дайындалыпты. Ең дәмді тағамдардың барлығы менің алдымда... Бірақ, ана, сіздің мен үшін арнайы жасаған асыңызға жетпеді. Жеңгем күлімсірей алдыма қою сүтті шәй қойды. Ана, білесіз бе? Сіздің кесеңіз махаббат сусынымен толатын, әр ішкен сайын жан дүниемді нұрландырып, өзгеше жылулық беретін. Тіпті, сіздің дастархан басында отыруыңыз да өзгеше еді. Жасандылықты бойына сіңіріп, ең қымбат киімді киген қаланың сұлуларының өзі сіздің қарлығаштай қайырылған кірпіктеріңізге де татымайтын. Таудың мөлдір бұлағындай күлкіңіз, гауһар тастың жарқылындай қос жанарыңыз, сәл ғана жымысыңыз, ана, сізді әлемдегі ең әдемі, аяулы жан етуші еді. Сіздің сұлулығыңыздың қасында, тіпті, хас сұлулардың өзі ұяла қалатын. Табиғат ана сіздің әдемілігіңізге тамсанып, самал желмен айналып, толғанатын... Сіздің қалың орман, қою қара шашыңыздың талшығын қызғанғандай ақ орамал бүркеп алатын... Өмірімнің шуақ күні сізсіз - Ана...

Атамның ақ батасымен бәріміз дастархан басынан тұрдық. Ана, мен тағы қалың ой жетегіне шырмалыппын. Білемісіз, ана, әркез менің ақылға қонымсыз еркелігімді көтеріп, бұзықтық жасасам қабақ шытып «әкеңе айтам» деп қорқытушы едіңіз. Бірақ, ана, сіз қанша мәрте айқайласаңыз да, ренжітсеңіз де, бейне еркелеткендей болушы едіңіз. Сол сәтте көзіме еріксіз жас алғанымда, ыстық сезімге толы құшағыңызға қатты қысып, сан мәрте кешірім сұрайтынсыз. Дәл сол мезетте бар әлем мені құшаққа алғандай сезінетінмін. Сіздің қыпша беліңізден қатты қысып, кеудеңізге басымды қойғанда, мына ғаламның барлығы мейірім мен махаббатқа толғандай сезімге енетінмін... Ана, мен қазір тоңдым. Сіз кеткелі шуақты күн маңдайымнан сүймеді, жайдарлы жаз жылуына бөлемеді... Қытымыр қыстың суығына қамалдым да қалдым, жүреkte сол баяғы күз бен мұз...

Ақырындап, аяғымды аяңдап басып, бал шағымның бұлыңғыр елесіне айналған бөлмеме кірдім. Ана, мұнда бәрін өзгертіпті, тіпті, ұйқының тәтті сәтіне шомылып, әр кеште маған ертегі айтатын кереует те орнын өзгертіпті. Бірақ, сол баяғы шуақты күндердің жұрнағы... Сіздің келіп, маңдайымнан құштарлана сүйгеніңізде қараңғылықта жарығын төккен айдай болатынсыз, жұлдыздардан жасалған кереуетте сіз келмейінше түс ауған шаққа дейін жатушы едім. Есіңізде ме, анашым? Менің сіз үшін теріп әкелген дала гүлдерін де, шимайлай салған суреттерімді де, тіпті, сан алуан түсті қағаздан қиып жасаған әр «туындымды» мөпелеп осы сөреге қоюшы едіңіз... Қазір оның бірі де жоқ, оның орнын ағаштан өрнектелген әртүрлі заттар басқан... Санамдағы қалың ойдың құрсауында тұрғанымда артымнан

«Шешендік мектебі» («Школа ораторства» - «School of oratory») жаршысының жауапты редакторы - **Еркеназ Қалижан**, Фил-41-топ студенті («Филология: қазақ тілі» мамандығы). Тілшілері - **Гүлбиби Бақытбаева**, Фил-23-топ студенті («Филология: қазақ тілі» мамандығы), **Құралай Жеңісқызы**, ҚТӨ-13-топ студенті («Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы). Кеңесшісі - **А.С.Қыдыршаев**, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі

